

Ш.Д. Бүркітбаева 

Ыстамбұл университеті, Түркия, Ыстамбұл қ.
e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

СОҒДЫ ЖАЗУЛЫ КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН БУДДА ДІНІНЕ ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕРГЕ АНЫҚТАМА (СЕКИЗ ЙҮКМЕК ЙАРУК МӘТІНІ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада соғды жазулы көне түркі тіліндегі мәтіндерде кездесетін будда дініне қатысты терминдерге анықтама беріледі. Көне ұйғыр тілінде жазылған бұл еңбектер негізінен діни аударма мәтіндер болғандықтан дін шыққан елдің тіліндегі діни терминдер, дұғалар, аяттар көптеп кездеседі. Ата-бабларымыздан қалған асыл мұраларды оқып-үйреніп, ана тілімізде ғылыми айналысқа енгізу үшін бұл терминдердің де түп-төркінін білу шарт. Мақаланың мақсаты көне ұйғыр жазулы аударма әдеби жәдігерлерде жиі кездесетін діни терминдердің (оның ішінде будда дініне қатысты) мағынасын түсіндіріп, анықтамалығын беру. Мақаламызда ғылым әлемінде кең танымал будда дінін уағыздайтын «Секиз йүкмек йарук» сутрасындағы діни терминдерді пайдаландық. Мақаланың өзектілігі бұл тақырып қазақ ғылымында қазақ тілінде бұрын-соңды қолға алынбаған, ғылыми айналысқа түспеген. Жұмысты жазу барысында Хаджер Тоқйүректің «Eski Uygur Türkçesinde Budizm Ve Manihaizm Terimleri» (Көне ұйғыр түрікшесінде Буддизм және Манихейзм терминдері), С. Клаусонның «An Etimolojical Dictionary of Pre – Thirteenth – Century Turkish» (Түркілердің 13 ғасырға дейінгі этимологиялық сөздігі), Мұрат Элмалының «Eski Uygurca Altı Dişli Fil Hikayesi» (Көне ұйғыр тіліндегі алты тісті піл хикаясы», және М. Өлмездің «Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri» (Көктүрікше және көне ұйғыр дәрістері) еңбектері пайдаланылды. Мақалада салыстырмалы-тарихи, топтау, талдау, аудару әдіс-тәсілдері қолданылды. Бұл мақаланы «Қазақ әдебиеті тарихы», «Түркі әдебиеттері тарихы», «Түркітануға кіріспе», «Әлем әдебиеттері тарихы» пәндеріне көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болатындықтан практикалық және теориялық маңызы өте зор.

Түйін сөздер: көне ұйғыр тілі, соғды жазуы, будда діні, діни терминдер, көне түркі әдебиеті.

Sh.D. Burkitbayeva

Istanbul University, Istanbul, Turkey
e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

Definition of terms related to Buddhism found in ancient Turkic texts in the Sog script (According to the text of Sekiz yuqmek yaruk)

The article gives a definition of the terms related to Buddhism, found in ancient Turkic texts written in Sogdian script. These works, written in the ancient Uyghur language, are mainly religious translated texts, so they contain many religious terms, prayers and poems in the language of the country where the religion originated. It is necessary to know the origin of these terms in order to study the invaluable heritage left by our ancestors and introduce it into scientific activity in our native language. The purpose of the article is to explain the meaning of religious terms (including those related to Buddhism), which are often found in translated literary relics of ancient Uyghur writing, and to provide a reference book. In our article, we used religious terms from the "Sekiz Yuqmek Yaruk" Sutra, which preaches Buddhism, which is widely known in the world of science. The relevance of the article lies in the fact that this topic in the Kazakh language has never been raised in Kazakh science, has not been studied scientifically. When writing the work "Eski Uygur Türkçesinde Budizm Ve Manihaizm Terimleri" ("Terms of Buddhism and Manichaeism in the Old Uyghur Turkic Language"), "An Etimolojical Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish" (An Etymological Dictionary of the Turkish language before the thirteenth century) by S. Clawson, "Eski Uygurca Altı Dişli Fil Hikayesi" by Murat Elmaly and M. Olmez. ""Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri" (Old Turkic and Old Uyghur lectures) were used. The article uses comparative-historical, grouping, analytical and translation methods. This article is of great practical and theoretical importance, as it can be used as an auxiliary teaching aid in the subjects "History of Kazakh Literature", "History of Turkic Literature", "Introduction to Turkic Studies", "History of World Literature".

Key words: ancient Uyghur language, Sogdian writing, Buddhism, religious terms, ancient Turkic literature.

Ш.Д. Буркитбаева

Стамбульский университет, Турция, г. Стамбул
e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

**Определение терминов, связанных с буддизмом,
встречающихся в древнетюркских текстах в согдийской письменности
(По тексту Секиз йүкмек йарук)**

В статье дается определение терминов, относящихся к буддизму, встречающихся в древнетюркских текстах, написанных согдийской письменностью. Эти произведения, написанные на древнеуйгурском языке, в основном представляют собой религиозные переводные тексты, поэтому в них много религиозных терминов, молитв и стихов на языке страны, где зародилась религия. Необходимо знать происхождение этих терминов, чтобы изучить бесценное наследие, оставленное нашими предками, и внедрить его в научную деятельность на родном языке. Цель статьи – объяснить значение религиозных терминов (в том числе связанных с буддизмом), часто встречающихся в переводных литературных реликвиях древней уйгурской письменности, и дать справочник. В нашей статье мы использовали религиозные термины из сутры «Секиз йүкмек йарук», проповедующей широко известный в мире науки буддизм. Актуальность статьи заключается в том, что данная тема на казахском языке никогда не поднималась в казахстанской науке, не изучалась научно. При написании работы «Eski Uygur Türkçesinde Budizm Ve Manihaizm Terimleri» («Термины буддизма и манихейства на староуйгурском тюркском языке»), «An Etimological Dictionary of Pre – Thirteenth – Century Turkish» (Этимологический словарь турецкого языка до тринадцатого века) С. Клоусона, «Eski Uygurca Altı Dışli Fil Hikayesi» Мурата Элмалы и М. Олмеца. «Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri» (Древнетюркские и древнеуйгурские лекции) были использованы. В статье использованы сравнительно-исторический, группировочный, аналитический и переводческий методы. Данная статья имеет большое практическое и теоретическое значение, так как может быть использована в качестве вспомогательного учебного пособия по предметам «История казахской литературы», «История тюркской литературы», «Введение в тюрковедение», «История мировой литературы».

Ключевые слова: древнеуйгурский язык, согдийская письменность, буддизм, религиозные термины, древнетюркская литература.

Кіріспе

I және II Түркі қағандықтары құлағаннан кейін, олардың орнына құрылған, ғылым әлеміне Ұйғыр қағандығы деген атпен танылған III Түркі қағандығы кейіннен екіге бөлінеді. Олар тарихта Бозқыр Ұйғыр қағандығы және Хочо Ұйғыр қағандығы атауларымен белгілі. Ұлы Жібек Жолы бойындағы Хами, Хочо, Бесбалық қалаларында өмір сүрген түркілер әрлі-берлі өткен керуендердің арқасында әлеммен байланыста болып, жер-жерде болып жатқан жаңалықтардан құлағдар болып отырған. Бұл олардың көздері ашық, көкіректері ояу, жан-жақты болуына үлкен ықпал еткен. Сондай-ақ, осындай әлеммен араласудың нәтижесінде Ұйғыр қағандығындағы түркілер бірнеше діни наным-сенімді де қабылдағанын білеміз. Ағылған керуен жолдарымен келген будда, манихей, христиан діндерін насихаттайтын еңбектерді өз тілдеріне де көптеп аударған. Осының нәтижесінде аударма әдебиет қалыптасқан. Көне түркілерден қалған жаз-

ба ескерткіштердің ішінде Ұйғыр қағандығы дәуірінен қалған жазба еңбектердің үлесі басым. Бұл еңбектер негізінен аударма мәтіндер. Көпшілігін будда және мани дінін қабылдаған түркілердің соғды, қытай, тохар, санскрит, тибет тілдерінен аударған діни мәтіндері құрайды. Көне ұйғыр тілінде жазылған жазба ескерткіштердің жазылған уақыты 9 ғасырдан басталады деп білеміз. Әрине, оған дейін де Көне Түркі қағандықтарынан қалған тасқа қашап жазылған жазба ескерткіштеріміз бар. Дегенмен, бізге жеткен әдеби тіл қалыптастырған әдеби жазба ескерткіштер болған жоқ. Көне ұйғыр қағандығынан қалған жазба ескерткіштер түркілердің әдеби, мәдени тіл қалыптастырған алтын дәуірінен хабар беретін қолжазбалар ретінде аса құнды. Ұйғыр қағандығы жазба ескерткіштері арасында будда дініне байланысты мәтіндер үлкен рөл ойнайды. Өйткені, 762 жылы ресми дін ретінде қабылданған манихизмге байланысты қолжазбаларға қарағанда буддизмге байланысты еңбектер өте көп. Ал, христиан дінінің несториан тармағын ұстанған

түркілерден қалған жазба нұсқалар саны өте аз. Будда діні біздің эрамыздан бұрынғы 563-483 жылдарда өмір сүрген Үндістандық Гаутама Будда атты кісі тарапынан құрылған дін. Тәңіріні қабылдамайтын будда дінінің бес негізгі ережесі бар. Олар: 1. Адам өлтірмеу; 2. Өтірік айтпау; 3. Арақ ішпеу; 4. Ұрлық жасамау; 5. Басқа біреудің әйелін алмау. Осы ережелердің барлығын орындаған будда дінін ұстанған кісі Нирванаға (будданың шыңына яғни жұмаққа барады) жетеді деп есептейді. Ал, мани дініне келсек манихейзм 216-277 жылдар арасында өмір сүрген Мани есімді кісі құрған дін болып табылады. Мани христиандық, зороастризм және бұрқаншылдықтың ең дұрыс деген тұстарын топтастырып, өз жүйесін құрған. Зороастризм поптары манихейзмнің күшейіп бара жатырғанынан қорқып Маниді өлтіргізеді. Мани діні қарама-қарсы күштердің бір-бірімен арпалысынан тұрады. Қара мен ақтың, жақсы мен жаманның, жарық пен қараңғының бір-бірімен күресінен тұрады. Дұға айту, ораза тұту, күнө шығару, жанды нәрселерді өлтірмеу, ішімдік ішпеу, қараңғылықтың ішіндегі жарықтың сәулелерін құтқару, т.б. игі істерді жасау мани дінінің негізгі қағидалары болып табылады. Манихейзм III ғасырдан бастап өзінің туған жері Вавилоннан бастап сол заманның барлық елдері мен аймақтарына тез тараған дін. VI ғасырда христиан діні пайда болғаннан кейін әлсірей бастайды. Кейін мүлде жойылады. Бірнеше дінді кеңінен қолданған Ұйғыр қағандығындағы түркілер қалған діни аударма әдебиетте кездесетін діни терминдер саны да өте көп. Ұйғырлар дәуірінен қалған көне түркі әдеби ескерткіштерді оқуға, үйренуге талпынған кісіге бұл діни терминдерді білген жөн. Қазақ әдебиеті ғылымында көне түркі әдебиетінің үлкен бір бөлігін құрайтын діни аударма әдебиетті оқыту барысында ескі дәуірде қолданылған діни терминдердің анықтамалығы жоқтығы сезіліп тұрады. Осы олқылықты ескере отырып Ұйғыр қағандығы дәуіріндегі діни мәтіндердегі терминдерге шолу жасадық. Саралай келе көне ұйғыр аударма әдебиетіндегі мәтіндердің дені будда дініне байланысты болғандықтан мақаламызда будда дініне қатысты терминдердің анықтамасын беруге тырыстық. Мақаламызға соғды жазулы көне түркі тілінде жазылған будда дінін насихаттайтын «Секиз Йарук Йүкмек» сутрасындағы терминдерді пайдаландық. Көне дәуірдегі діни терминдердің түсіндірме сөздігін жоғары оқу орындарында, ғылыми институттарда, ғылыми

орталықтарда көмекші оқу құралы ретінде қолдануға болады.

Материалдар және әдістер. Мақаланы жазу барысында ғалым Хаджер Токйүректің «Eski Uygur Türkçesinde Budizm Ve Manihaizm Terimleri» (Көне ұйғыр түрікшесінде Буддизм және Манихейзм терминдері), С. Клоусонның «An Etimolojical Dictionary of Pre – Thirteenth – Century Turkish» (Түркілердің 13 ғасырға дейінгі этимологиялық сөздігі), Кемал Эрасланның «Eski Uygur Türkçesi Grameri» (Көне ұйғыр түрікшесі грамматикасы), Мұрат Әлмалының «Eski Uygurca Altı Dişli Fil Hikayesi» (Көне ұйғыр тіліндегі алты тісті піл хикаясы), және М. Өлмездің «Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri» (Көктүрікше және көне ұйғыр дәрістері) еңбектері пайдаланылды. Мақала жоғарыда аталған әдебиеттерді негізге ала отырып, ғалымдардың пайымдауларын салыстыра қарастырып, дайындалды. Мақалада салыстырмалы-тарихи, топтау, талдау, аудару әдіс-тәсілдері қолданылды. Қазақ ғылымында көне түркі әдебиетінің осы дәуірлерін зерттеу ісі кенжелеп қалған ғылымдар қатарына жататыны жасырын емес. Өзекті тақырыптардың бірі десек те болады.

Көне түркі жазба әдебиеті қазақ әдебиеті тарихының үлкен бір бөлігі болғандықтан бұл мақаланың практикалық және теориялық маңызы зор. «Қазақ әдебиеті тарихы», «Түркі әдебиеттері тарихы», «Түркітануға кіріспе», «Әлем әдебиеттері тарихы» пәндеріне көмекші оқу құралы ретінде қолдануға болады.

Талдау

Намо бут намо дрм намо саң (namo but namo drm namo sañ)

Будда дінінің әрбір мәтінінің басында және соңында кездесетін бұл сөздер ислам дініндегі «бисмиллә» сөзімен салыстырылады. Намо – санскрит тілінде «намах» (иілу, құрметтеу) дегенді білдіреді. Санскрит тілінде дыбыстық өзгеріске ұшыраған бұл сөз «о» түрімен ескі ұйғыр тіліне «намо» болып өткен.

but, drm, sañ – үш асыл тас, (скр. триратна) бұрқаншылдықтың негізі ретінде қолданылады.

but – қытай тілінде фо – санскрит тілінде «Будда» (бурхан) дегенді білдіреді.

drm – скр. дхарма «дін, сенім» дегенді білдіреді.

sañ – Қытай. tseng, скр. sañhan «үйір, қауым» дегенді білдіреді. Ұйғырлар бұл сөзді «кув-рак» (қуврағ) сөзімен мағыналас қабылдады. (қараңыз: Шинаси Текин, 2019:25)

Теңри теңриси (tengri tengrisi)

Құдайлар құдайы. скр. деватиदेва (devātideva). Бұл термин «құдайлардың құдайы» дегенді білдіреді және Вишнуды атап көрсетеді. Ол сондай-ақ Будданың үйден кеткенге дейінгі есімі ретінде көрсетілген. Осылайша, тіршілік иелері Будданы құдайлардан жоғары қоя отырып, оны ең жоғары құндылыққа ие деп көрсетеді. (қара: Хаджер Тоқйүрек, 2019:181)

Тәңір – сөздің түпкі түбірі. Көне түркі тіліне жататын және азиялық ғұндар дәуірінде қолданылған деп есептелетін бұл сөздің түпкі мағынасы – «аспан». Ежелгі түсінікте найзағай, дауыл, жаңбыр сияқты табиғат құбылыстары үшін аспанда ерекше күш бар деп есептелді. Демек, «аспан» мағынасы бар сөздер «Тәңірдің мекені», «Құдай» деген мағыналарға ие болды. Қазірдің өзінде Тянь – шан (қытайша. t'ien «аспан, құдай», шап «тау») таулары қырғыз тілінде Тәңір Тоо, ұйғыр тілінде Теңри Таг, моңғол тілінде Тэнгэр уул деп аталады. Бұлардың барлығында бірінші сөз «аспан, тәңір», екіншісі «тау» дегенді білдіреді. Оның қазақша аты – Хан Тәңірі. Бұл сөз тура мағынасында «император аспаны» немесе «император құдайы» (қараңыз: Хатидже Ширин, 2015:27)

Бұрқан (Burhan)

Бурхан сөзі қытайша «фо», скр. «Будда» кейбір қытай диалектілерінде т, р-ге ауысады. Осылайша, ұйғырлар осы диалектілер арқылы алдымен «бур» ретінде қолданылатын сөзге кан (хан) «әмірші» сөзін қосқан. Осылайша, бурхан сөзі пайда болады. (қараңыз: Шинаси Текин, 2019:27)

Ыдок (idok)

Ыд (id) – 1-ші иіс

Ыд (id) – 2-ші ит

Ыд (id) – 3. жіберу, көтеру // ыдок (idok=idok) – жіберілген, қасиетті, киелі (құдайдан жіберілген) (қараңыз: Кемал Эраслан, 2012:571)

Дарни (darni)

дарни – скр. дхарани (dharani) «тұмар, сиқыр, сиқырлы сөз» дегенді білдіреді (Өзлем Айазлы, 2012:304)

Дхарани (dhāraṇī) – ұйғ. дарни, тарни (darni, tarni): сиқырлы формула; Бұл адамдарды әртүрлі апаттар мен жынндардан қорғайтын және әртүрлі тілектердің орындалуына мүмкіндік беретін дұға бөліктерінен, буддаларды, бодхисаттваларды және әулиелерді шақыру, мағынасыз сөздер мен буындардан тұратын кітап (қара: Кемал Эраслан, 2012:632)

Тана йіп (tana yip)

Тана йіп (tana yip) – зергерлік жіп, бағыттаушы жіп; тана (tana): 1. Асыл тас, 2. Жіп

Судур (sudur)

Судур, сутра (sudur – sātra); діни мәтін; ұйғ. Судур, ном бітігі, наным-сенім туралы еңбектер. Бұрқаншылдықтың мәнін сипаттайтын және Будданың уағыздары сатра – питака (sātra – piṭaka) «Будданың уағыздары мен өмір кезеңдерін сипаттайтын шығармалары» бар діни еңбектер. (қара: Кемал Эраслан, 2012:639)

Ном (nom)

Ном (nom) – дін, ілім, әдет-ғұрып, ілім, заң, жарғы.

Ном (nom) – сғд. nwm, скр. dharma «дін». Бұрқан мәтіндерінде ном бірнеше түрлі мағынаға ие. (қараңыз: Шинаси Текин, 2019:27)

Тегзинч (tegzinç)

Тегзинч (tegzinç) – иірім, бұрау, бұралу, құйынды, толқын, тарау, шиыршық, кітап тарауы, кітап мұқабасы. (қара: Мехмет Өлмес, 2019:538)

Вайшалы (vayşalı)

vayşalı – скр. қаланың аты. Бұл Ежелгі Үндістандағы он алты мемлекеттің бірі Вриджи Конфедерациясына тиесілі Личвахи тайпасының астанасы. Он алты мемлекетке тиесілі алты ірі қаланың бірі Вайсали сауда саттықтың орталығы болған. Шакьямуни Будда осында уағыз айту үшін келген. Буддаға шиі берген түсінігі бар адам Вайсалилік Амбапали де Будданың ізбасарларының бірі. Мұнда адал Вималакирти де өмір сүрді. Вималарти өмірінің соңына қарай Шакьямуни Вайсалиге барады. Будда қайтыс болғаннан кейін, екінші буддисттік кеңес осында жиналды және Асока патша Будданың осында келуіне байланысты Вайсалиде тас бағаналы монастырь салады. (қара: Хаджер Тоқйүрек, 2019:88)

Номлуг төрүлүг (nomlug törülüg)

Номлуг төрүлүг (nomlug törülüg = nom törü «қиялдау» = скр. дхарма = Қытай тілінде: fǎ dǎ yōng (qì), dà mǒ, dà me, dà ér mà yé, tàn mó, tuó mó). «Заң, ақиқат, дін, бұйрық, заң, пайдалану, амал, міндет, шындық, ізгілік, мінез» сияқты әртүрлі мағыналарды білдіретін дхарма, тән қасиет, сана өміріміздің бірден-бір элементі болып табылатын экстаз, біздің санамыздың бір бөлігі, сана өмірі, Нирвана, Будда дініне немесе іліміне қатысты, буддисттік ілім тақырыбына, толық және кемел шындыққа негізделген ілім. Ескі ұйғыр тіліндегі «ном» сөзі грекше. Оны «номос» деп түсіндіруге болады. (қара: Хаджер Тоқйүрек, 2019:345)

Чамбудивип (çambudivip)

чамбу – ағаштың аты, дивипа – үлкен жер бөлігі.

Тохар тілінде jambudvīp джамбудвип, скр. жамбудвипа. Ежелгі үндістер әлем деп анықтаған, Меру тауының солтүстігінде орналасқан және Меру тауындағы Джамбу ағаштарының атымен аталған төрт құрлықтың бірінің аты. (қара: Мұрат Әлмалы, 2019:100)

Джамбудвипа – оңтүстіктегі қарапайым халық тұратын жер. Ол күймеге ұқсайды немесе оңтүстік бетінде үшбұрыш бар дейді. Мүмкін бұл Үндістанның оңтүстік жағалауында болуы мүмкін. Оның орны нақты белгісіз. Бұл континенттің орталығында биіктігі 100 йожана болатын үлкен Джамбу ағашы бар. Бұл үлкен ағаш барлық континентте бар. Барлық Буддалар Джамбудвипада пайда болады. Бұл жерде адамдардың ұзындығы бес-алты фут, өмір сүру ұзақтығы сексен мың мен он жыл аралығында. Джамбудвипаның астында сегіз үлкен және ыстық тозақ бар. Бұл буддизм үшін маңызды орталық. (қара: Хаджер Тоқйүрек, 2019:380)

Үш эрдини (üç erdini)

Үш эрдини (üç erdini) – үш асыл, скр. три-ратна, ратнатрайя, трисарана немесе шарана-гамана.

-Будда: ең кемел ағартушы

-Дхарма: Будда жариялаған ілім

-Сангха: діни қызметкерлер мен монахтар қауымы немесе Дхарманың шынайы ізбасарлары. (Өзлем Айазлы, 2012:5)

Термин три «үш» және ратна «асыл» немесе «үш асыл» немесе «үш асыл тас» дегенді білдіретін триеа «үш» және Будда, Дхарма және Санга немесе Будда, заң және діни қауымдастық деген сөздерден тұрады. Бұл үштікті Брахма, Вишну және Шүвадан тұратын Тримуртиге ұқсатуға болады. Триратнаның яғни үш асылдың көптеген түрлері болғанымен, төрт және алты сияқты бөліктері де бар. Барлық буддистер құрметтейтін және қызмет ететін үш нәрсені білдіретін бұл термин жоғарыда айтылғандай Будда, Будда ілімі болып табылатын заң мен Буддаға сенетін қауымдастықтан тұрады. Будда – ғаламды, өмірді дұрыс түсінетін және нұрланған адам. Дхарма немесе заң – бұл барлық адамдарды ағарту үшін жасалған буддистік ілім. Сангха немесе будда қауымы — будда ілімін қолданатын, осы ілімді сақтайтын, оны тарататын және болашақ ұрпаққа жеткізетін қауым. Үш өзегі, бар азаптан арылған, азат, нұрлы адамдардың жанқиярлығымен сақталады.

Буддист болғысы келетін адам өзін осы үш қазынаға арнауы керек. Қысқасы, буддизмде осы үш қазынаны құрметтеу және оған қызмет ету өте маңызды. (қара: Хаджер Тоқйүрек, 2019:66)

Кам (kam)

kam – сиқыршы, көріпкел. (қара:Кемал Эраслан, 2012:576)

sorcerer, soothsayer, magician (қара: Клаусон, 1972:625)

1.шаман (с различными оттенками значения: врачеватель, исцелитель, прорицатель, предсказатель; заклинатель, кудесник, чародей, маг, волшебник,; колдун), 2. сваливать, сбивать (қара: ДТС, 2016:439)

Чхшапты (çxşaptı)

Чакшапат (çakşapat) – соғды. Чихшапа; скр. шикшапада. – Бұрхандарға тән бес қаланың бірі наным, ғибрат, ораза, тәртіп, мораль (скр. śilā, үйғ. биш ақығсыз йүкмек) (қара: Эраслан К, 2012:564)

Чихшапад (çihşāpad) – соғ. – оқыту, үйрету, ілім, дінбасы еместерге арналған бес жарлықтан тұратын он тыйым. (Әлмалы М., 2016:317)

Арығ чхшапутлығ (arığ çxşaputlığ)

Арығ чхшапутлығ (arığ çxşaputlığ) – таза śikşāpada = скр. вималасила (vimalaśīla); Оны Зиеме вималасила ретінде анықтаған. Вимала «таза, пәк, кіршіксіз» және сила (śīla) «таза мораль» сөздерінен тұратын термин таза моральды Бодхисаттваны білдіреді. (қара: Тоқйүрек Х., 2019:144)

Диан сакынчлығ (dyan saqınçlığ)

Диан сакынч (dyan sakinç) – ой толғау, ойлану

dyan – (Тох. “dhyam”< скр. “dhyana”): ұмтылу, ойлану; алты немесе он қасиеттің бірі (скр. pāramiā).) (қара: Эраслан К, 2012:566)

Диан сакынч (dyan sakinç) – созерцание; dyān saqınçlığ – относящийся к созерцанию, погруженный и созерцание (қара: ДТС, 2016:171)

Улуғ йарлықанчучи көңүлин (ulug yarlıkançuçi köñülin)

Улуғ йарлықанчучи көңүлин (ulug yarlıkançuçi köñülin): «үлкен жанашыр жүрек» = скр. махакаруна = Қытай. dàcì, = Тиб. snying-gje chen-mo. Бұл термин «үлкен мейірім, тірі жан-дарды азаптан құтқаратын, құтқарылушыны іздейтін зор мейірімді немесе жанашыр жүрек» дегенді білдіреді. Бұл ұлы жанашыр жүрек Буддада да, Бодхисаттваларда да кездеседі. Бұл термин арнайы Куан-ин үшін қолданылады. (қара: Тоқйүрек Х., 2019:185)

Ағыр эмгекте (agir emgekte)

Ағыр (agir) – ауыр, қатал, ұлы, құнды, құрметті

Эмгек (emgek) – ауырсыну, азап, күйзеліс, еңбек

Ағыр эмгек (agir emgek) – үлкен азап

Азап – бұл өмір сүру жолындағы барлық тіршілік иелерінің негізгі сипаты және төрт асыл ақиқаттың біріншісі. Тұрақсыздық (anitya) және риясыздық (anātman) сияқты азап та бұл әлемдегі тіршілік иелерінің негізгі сипаттарының бірі. Духкха (Duhkha) «жиі азап» деп аударылады, сонымен қатар ол «ауырсынуды тудыратын кез келген нәрсе» деп те аударылады. Туу, қартаю, ауру және өлім, физикалық және психикалық күйзеліс және қалаған нәрсені алмау сияқты жағдайлар буддисттік мәтіндерде азап ретінде көрсетіледі. Буддисттік ойға сәйкес, азап – бұл біздің бүкіл өміріміздің еріксіз сипаты және біз ағартушылыққа қол жеткізбейінше, одан құтыла алмаймыз. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:20-21)

Секиз йүкмек (sekiz yūkmek)

Секиз йүкмек (sekiz yūkmek) – йүкмек «Үйме, үйінді» деген мағынаны білдіреді және үйғыр тілінде «сегіз жүк» немесе «сегіз қала» ретінде қолданылады. Бұл сегіз қала тірі жанды жақсылыққа да, жамандыққа да жетелейді. Буддизмде сегіз сана сегіз париджана (parijñāna) сананы білдіреді. Асхтавиджана (ashtāvijñāna) немесе париджана (parijñāna) яғни «танудың, қабылдаудың немесе сананың әртүрлілігі, сегіз негізгі күш немесе сегіз күшті мақсат», жаксур-виджнана (saksur-vijñāna) “көз санасы”, сротра-виджнана (śrotra-vijñāna) “құлақ санасы”, гхрана-виджнана (ghrāna- vijñāna) “мұрындық сана, джихва-виджнана (jihvā- vijñāna) “тілдік сана”, кайа-виджнана (kāya- vijñāna) “дене санасы, мано-виджнана (mano- vijñāna) “жүрек санасы, психикалық сезім немесе сана, түсіну”, клиста-мано-виджнана (klista-mano- vijñāna) “байқампаздық, өткеннен хабардар болу, есептеу, ажырату.” ретінде анықталады. Оған алайя-виджнана (alaya-vijñāna) немесе одан алынған тұқымдар әсер етеді, ол барлық өзіндік және даралықтың себебі болып табылады. Сондықтан шындықтың көрінуіне қарсы барлық алдаулар алдыңғы шепте болады. Париджананың сегізіншісі – алайя-адана-виджнана (alaya/ādāna-vijñāna) «қойма, сақтау санасы, санадағы барлық тұқымдар шығатын негіз». Виджнана (vijñāna) – тірі жандарды дұрыс немесе бұрыс жолға апаратын термин. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:248)

Арвыш (arviş)

Арвыш (arviş) – сиқыр белгілері, сиқыр (Гавайн А., 1988:262)

Чын кертү (çin kærtü)

Чын кертү (çin kærtü) – шынайы, нағыз (Өлмез М., 2017:260, 65-2); истинный и правдивый (қара: ДТС, 2016:159); «Шындық» мағынасындағы термин, хūwàng сонымен қатар «дұрыс емес, алдау» терминіне қарама-қарсы. «Ақиқаттың негізі, кемелдік, толық ақиқат» дегенді білдіретін термин әсіресе Дхармакая немесе Бхутататата үшін қолданылады. Бұл термин Тянь -Тайдың шындықты түсіну немесе Будда болу туралы керемет ілім. Сонымен қатар, термин үшін уиānchēng «толық ұлылық» мағынасы да қолданылады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:287)

Вахшиклер (vahşiklar)

Вахшик (vahşik): «жын, аруақ» (Гавайн А., 1988:307); [соғд. w'χšk] гений, добрый дух (қара: ДТС, 2016:670)

Шамну (şamnu)

Шамну (şamnu): «өлтіру, жою, жын, жойғыш, алаңдататын, кедергі, нәпсіқұмарлық, күнә және өлім құдайы» мағынасындағы Мара – Камадхатудың (Қалаулар әлемі) патшасы. Мұны Вашавартин деп те атайды. Мара пілде отырған және жүз қолы бар құдай ретінде бейнеленген. Мара қызын көрсетіп әулиелерді қорқытып немесе азғырып отырған. Гаутама Будда ағартушылыққа қол жеткізіп жатқанда, оған қыздарын жіберіп, Гаутаманың ағартылуына жол бермеуге тырысты. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:393)

Йілігілер (yilpigler)

Йілігі (yilpig) – психикалық ауру

Тайшуй (tayşuy)

Тайшуй – Юпитер планетасы

Сарығ урунғулуг (sarig urungulug)

Сарығ урунғулуг (sarig urungulug) – қытай астрологиясы бойынша құдай жұлдыздарының бірінің аты

Ибрис кудрукы (irbis kudrukı)

Ибрис кудрукы – Меркурий планетасы

Қызыл сақызган (kızıl sagızgan)

Қызыл сақызган – қытай астрологиясы бойынша құдай жұлдыздарының бірінің аты

Қара йылан алты қав (kara yılan altı kav)

Қара йылан алты қав – алты метр қара жылан; астрология бойынша құдай жұлдыздарының бірінің аты

Чашут савлығ (çaşut savlıg)

чашут савлығ: «жала сөз, жала жабу» мағынасын береді.

Ном көзі (nom közi)

Ном көзі: «Дхарма көзі» Буддалардың және Бодхисатвалардың бес көзінің бірі. Бодхисаттва адамдарды құтқару үшін Дхарма көзімен барлық Буддист ілімінің табиғатын қамтиды және көреді. Дхарма көзі барлық оқиғалар үшін Бодхисатвалардың таза қабылдауын көрсетеді. Бодхисатвалардағы Дхарма көзі барлық нәрселерге ене алады. Айрықша термин, Қытай. Файан джиң «ачык сэчик», толығымен көру, Хинаянада төрт шындық үйретуді көру, Махаянада қайта туудан құтылу шындығын көру» болып та түсіндіріледі. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:188)

Випаши бұрқан (vipaṣi burqaṇ)

Випаши бұрқан: «випазин Будда» = Скр. Випазин, = Қытайша пи по ши, = Тибетше Рнам гзигс. Випазин термині, Буддизмде көне жеті Будданың алғашқысы, Шакиамуни Будда болса жетінші Будда болып табылады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:69)

Клп өді улуг толу атлығ (klp ödi ulug tolu at-lyg)

клп өді улуг толу атлығ «үлкен мифология уақыт атты», клп = калпа= Ұйғырша калп: дәуір, шақ, жылмен теңдестірілмейтін уақыт өлшемі. Күнәһарлар тозақта бұл уақыт өлшемінде азап шегеді. (қара: Эраслан К, 2012:634)

Чашут савлыг

Чашут савлыг: «жала сөз, жала жабу» мағынасында.

Эзруа хормузта (ezrua xormuzta)

эзруа: соғды тілінде «зрв», азру(в)а «Зерван; Манихейлік дінде уақыт құдай болып табылады; Буддизмде Брахманның (қасиетті, құдайлық, ақпаратты түсіндірген) мағынасы;

хормузта=хормузта: соғды. Хврмзт «Манихизмде алғашқы адам; Буддизмде Индра болып танылған тәңірге берілген есім» (Элмалы М., 2016:305)

ху'а йавышгун йыдын йыпарын инче айайур ағырлайур тапынур удунур (xu'a yavışgun yidin yiparin inçe ayayur ağırlayur tapınur udunur)

xu'a yavışgun yidin yiparin inçe ayayur ağırlayur tapınur udunur 'гүл шоқтарының хош иісін құрметтейді, табынады',

ху'а йавышгун (xu'a yavışgun) «гүл шоқтары» гирлянды цветов: xua yavışgun yidin yiparin inçe ayayur ağırlayur tapınur udunurlar qaltı burqaṇlağı tapınurlar udunurča 'олар буддалар сияқты гүлдер мен хош иісті заттардың гирляндтарын құрметтейді. (қара: ДТС, 2016:676)

чынзу тигмэ эрдүктег кертү төз (çınzu tigme erdükteг kertü töz)

чынзу тигмэ эрдүктег кертү төз (çınzu tigme erdükteг kertü töz) «ченжу деп аталатын дұрыс негіз» = Çin. rù rù, rù zhēn. Термин, «ченжу немесе мінсіз, айырмашылықтардағы немесе қарым-қатынастардағы кемелдік» болып табылады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:424)

үч йавлак йолка кирүр эмгек эмгенүр (üç yavlak yolka kirür emgek emgenür)

үч йавлак йолка кирүр эмгек эмгенүр (üç yavlak yolka kirür emgek emgenür): «үш жаман, жолға шығып, азап шегеді». Бұл термин әлемде үш зұлымның туылғанын білдіреді, олар тозақ, жануар және претаның өмір салты. Тіршіліктің осы үш жаман түрінің болуы тірі табиғатқа азап әкеледі. Әсіресе тіршілік атаулы осы үш жаман өмір жолынан және мұндағы азаптан құтылғысы келеді. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:34); үч йавлак йол (üç yavlak yol) «жаман мінез-құлықтың үш түрі»: таму, прет, йылқы аджун (tamu prét yilki ajun) «тозақтықтар, рухтар және жануарлар әлемі» (Элмалы М., 2016:321).

Үч ағылык (üç ağılık)

Үч ағылык (üç ağılık) «үш қазына» = скр. трипитака (tripiṭaka) = қытай. yīqié jīng, sānzāng = тибет. sde snod gsum. Термин, trī «үш» ve piṭaka «себет, құты немесе коллекция» сөздерінен құрылған. «Үш себет» мағынасындағы трипитака (tripiṭaka) термині, барлық Будда заңдарын, коллекциясын білдіреді. Ең алғаш бұл коллекция Қытайда жасалған. Jīng lü lùn Сутра, Виная, Абхидхарма Састрадан құралған үш бөлімді Будда мәтіндері әдетте Пали жазбалары болып табылады. Бұл трипитака (tripiṭaka), Будданың доктринасы орын алған Сутралар, монастырь шәкірттерінің ережелерін сипаттайтын Винаялар, Сутра және Винаялардың түсіндірмесі болған Абхидхармалардан пайда болған. Шакьямуни қайтыс болғаннан кейін оның ілімдерін бірінші будда кеңесі құрастырды. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:431)

Архант (arxant)

Архант (arxant): скр. arhant/arhat. Нирвананы түсінген және қайта туылудан құтылған адам – әулие. (Элмалы М., 2016:343); Архат немесе архан сөзі «құрметті, ағартушы» деген мағынада қолданылғанымен, ол Махаянадағы Бодхисаттваны және Хинаянадағы ең жоғары типті немесе идеалды адамды білдіреді. Архат «Хинаянаның ұлы тұлғасы» дегенді де білдіреді. Ол әлемнің құтқарушысы және Будда ақиқаты ретінде белгілі. Сондықтан бұл өрнек Будда

үшін де, дінбасылар, арханттар мен әулиелер үшін де қолданыла алады. Архат өзінің рухани шарықтау шегіне жетіп, Нирванаға ұмтылады. Ондай адам болашақта қайта туылу мен өлімнен, яғни Самсарадан да құтылады. Бұл сөз кейде Татхағата сөзінің синонимі ретінде де қолданылады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:173)

Пртикубут (prtikubut)

Пртикубут (prtikubut) = pratikabut: скр. pratyekabuddha «Өз өзінен сәуле тапқан, бірақ оны жарияламаған Будда». (Элмалы М., 2016:307); пратикабут (pratikabut): басқаларға пайдасыз болған. (қара: Эраслан К, 2012:636)

Шравиклер (ṣraviklar)

Шравиклер (ṣraviklar) – ṣravik – скр. шравака (ṣravaka) Бұрқанның ізбасарлары мен тыңдармандарына берілген есім. Бодхисаттвамен бірге үшеуі, әрбірінің Нирванаға жету немесе тіршілік иелерін жеткізу мүмкіндігіне қарай әрқайсысының өкілі ретінде қарастырылады:

а) Шравака (ṣrāvaka) = хинаяна (hinayāna) «кішкентай сал» («киік көлігі» деп те атайды). Сал – дегеніміз өзеннің бергі бетінен арғы бетіне өту үшін пайдаланылатын қамыстан жасалған қайық, паром сияқты нәрсе.

ә) пратйекабуддха (pratyekabuddha) = мадхямайдана (madhyamāyāna) «ортаншы сал» (марал арбасы)

б) бодхисаттва (bodhisattva) = махайана (mahāyāna) «үлкен сал» (өгіз арбасы)

Бұл үш классификация (skr. triyāna = үйғ. үч көлүнү), соңғылар яғни солтүстік Бұрқаншылар тарапынан жасалған. (қараңыз: Шинаси Текин, 2019:27)

Негізінен «дауыс естіген, үйреткен» немесе әдетте «шәкірт, елші» мағыналарында қолданылған бұл термин, Буддизм мен Жайнизмде қолданылады. Буддизмде әдетте Шравака яғни шәкірттер төрт сыныпта бағаланады. Бұлар: «діни қызметкер» Бхикшу (Bhikṣu), «діни қызметкер әйел» Бхикшуни (Bhikṣuṇī), «діни қызметкер емес адам» Упасака (Upāsaka), «діни қызметкер емес әйел» Упасика (Upāsikā) деп көрсетіледі. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:405)

Низванилер (nizvanilar)

Низвани (nizvani): соғды тілінде ‘nyzβny’ құмарлық, ынтызарлық (қара: Элмалы М., 2019:137).

Этөз (et’öz)

Этөз (et’öz = etöz) «дене, тән» = скр. Кайа, кайаваджра (kāya, kāyavajra) = қыт. шен (shēn).

Термин «кайа, тану, данышпан, дене» сияқты анықтамалармен қатар шен ру (shēn rù) «жанасу

сезімі», лиу ру (liù rù) «алты сезімнің бірі» ретінде де беріледі. Күнәлар немесе сауаптар үш түрде жасалады, оның бірі дене. Буддизмнің он өсиетіне жататын тірі жанды өлтірмеу, ұрлық жасамау, зина жасамау сияқты мінез-құлықтар денеге қатысты амалдарға жатады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:250)

Ликзир тип битиг (likzir tip bitig)

Ликзир тип битиг (likzir tip bitig) «күнтізбе деген жазу», ликзир (likzir = likjir < қыт. lì-jì < lieknziet), күнтізбе. (қараңыз: Текин Ш., 2019:427)

Он едгү кылынчлыг (on edgü kılınçlıg)

Он едгү кылынчлыг (on edgü kılınçlıg) «он жақсы әрекет, амал», = скр. kusāla = қыт. shān = тиб. dge ba’i rtsa ba. «Жақсы, керемет мағынасын білдіретін термин, он жақсы әрекет үшін қолданылады. Бұл он жақсы амал Буддизмде бұйрық болып қабылданады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:330)

Шлок такшут (ṣlok takṣut)

Шлок такшут (ṣlok takṣut): “бәйіт” ṣlok – скр. ṣloka. takṣut – *taḥṣ «*бәйіт оқу»

Түзгеринчсиз (tüzgerinçsiz)

Түзгеринчсиз (tüzgerinçsiz = tözkerinçsiz): “түсініксіз, өте терең”. Қазірге дейін түз, төз (tüz/töz) және керинчсиз (kerinçsiz) түрінде оқылған бұл сөзді, «з» әрпі солға тура байланыспағаны үшін бір сөз күйінде, «төзкеринчсиз» деп те оқи аламыз. Еш жарияланбаған бір ұйғыр жазбасында «төзкер» (tözker) етістігі бар. (Майнз 819, жол 6: көгүзинте төзкер-ип (köğüzinte tözker-ip) «оймен тереңдеу»). (қараңыз: Текин Ш., 2019:30)

Биш азун тынлыг (biş azon tınlıg)

Биш азун тынлыг (biş azon tınlıg): «болмыстың бес формасы. Буддизмде тіршілік иелерінің ішінде бар болып табылатын болмыстық формалар бес болмыстық форма ретінде қарастырады: 1-тәңірі: <скр. дева (deva) «Құдай, тәңір», 2- йалаңук (yalañuk): < скр. манушья (manuṣya) «адам», 3- йылкы (yılkı): < скр. тирйагуони (tiryağyoni) «жануар», 4- прет (prèt): < скр. прета «рух», 5- таму: <соғ. tmw; < скр. нарака (naraka) «тозақ». Бұлардың алғашқы екеуі (құдай мен адам) болмыстың ең жақсы формалары болып саналады. Бірақ құдайлар әлемінде туылу екіншісіне қарағанда тартымды болып көрінгенімен, адам болып қайта туылу жақсырақ, тіпті шарт; өйткені Нирванаға жету үшін кез келген бурханның уағызын бір рет тыңдау керек және бұл адам баласы ретінде ғана мүмкін. Дегенмен, адам емес тіршілік иелерінің де бұрхан уағызын тыңдайтыны көзделеді.

Қалған үшеуі «жаман жол» болып саналады. (қараңыз: Текин Ш., 2019:30)

Тсуй айыг кылынч (tsuy ayıg kılınç)

Тсуй айыг кылынч (tsuy ayıg kılınç) «жаман амалдар»; тсуй (tsuy) «күнә», Қытайша зуй «бұл жаман карма тудыратын «күқық бұзушылық, қылмыс, күнә» дегенді білдіреді. Көне түркі тіліндегі «тсуй» сөзі де қытай тіліндегі «зуй» сөзінен шыққан. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:314);

Айыг кылынч (ayıg kılınç) «күнә» (қара: Өлмез М., 2019:482); предосудительный поступок, проступок, грех, прегрешение (қара: ДТС, 2016:31)

Бадра (badra)

Бадра (badra): скр. Бхадра (bhadrā): Буддаға, ілімге және жамағатқа паналаған елші әйелдің есімі; Субхадраның (Будданың қайтыс боларынан аз уақыт бұрын үйреткен брахман аскеті) қызметшісі болған қыздың аты; бір уақшаның (шайтанның) аты; байлармен жатып тұратын жезөкшенің аты.

Ратнакр (ratnakr)

Ратнакр (ratnakr) = скр. ратнакара (ratnākara) = қыт. lǎ ná jíaluó; ратнакара буддха (ratnākara buddha) «гауһар үйіндісі, металл Будда», Ратнакара (Ratnākara) «гауһар кені, мұхит», «гауһар үйіндісі» мағыналарын беретін Будда мен Бодхисатваның есімі. Сондай – ақ қазіргі есеп бойынша жүз он екінші Будда. Шақамунидің замандасы және Вайшалілік бір жер. Термин бір Бодхисаттва формасы болып та көрсетіледі. Ол сондай-ақ шығысты басқарған Буддалардың бірі болып саналады. Көне ұйғыр тіліндегі мәтіндерге сүйене отырып, Алокажинтамани (Ālokacintāmaṇi) болашақта Ратнакара Будда болады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:131)

Нарайан (narayan)

Нарайан (narayan: nara << скр. нара). Адамға тиесілі, адамға қатысты, өлімі бар, адам. (Элмалы М., 2016:406)

Сумир (sumir)

Сумир (sumir) < скр. сумеру, әлемнің орталығы болып табылатын тау. (қараңыз: Текин Ш., 2019:459); = сумер (sumēr): тох. сумер – скр. сумеру (sumeru) “таңғажайып көрініске ие тау; әлемнің орталығындағы тау” (Элмалы М., 2016:317).

Интрадати (intradati)

Интрадати (intradati) = скр. индрадатта (indradatta) «Бодисатваның бірі», интри (intri): 1. [скр. индрия (indriya)] демоническое существо, 2. [скр. indriya] **intri қаңйү** сезім мүшесі, 3. Intradati. (қара: ДТС, 2016:224)

Тайшинг махайана (tayşing mahayana)

Тайшиң (tayşing) =қыт. Тайшең (tais-héng) = скр. махайана (mahāyāna), үлкен арба, Буддизмдегі бір мектеп. (қараң: Гавайн А., 1988:298); =қыт. дай-сиң (dai-şin), махаяна (большая колесница), одно из направлений в буддизме, возникшее в Северо-Западной Индии в I в. (қара: ДТС, 2016:560)

Бұрхан белгүрер (burхан belgürer)

Белгүртме Бұрхан «belirgin Buddha» =скр. нирманабуддха (nirmāṇabuddha) =қыт. huá fù. нирмана «сиқырлы жаратылыс» және Будда «ағартылған, оянған» сөздерінен құралады. нирманабуддха (nirmāṇabuddha) сиқырлы жаратылыстың Буддасы, Будданың бір түрі болып танылады. Термин, «Будданың адам түріндегі немесе өзгерген денесі» болып көрсетіледі. Будда және Бодхисаттва болып пайда болған дене шектеусіз және әмбебап күшке ие. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:148)

Тепренчсиз атлыг бұрхан (tepreñsiz atlıg burхан)

Тепренчсиз атлыг бұрхан (tepreñsiz atlıg burхан): «жер жүзінде тербелмейтін Бұрханның аты». Санскрит тілінен енген термин Акшобхья (Akşobhya), а кун биң, а вей по, а чу по йе (ā kùn bīng, ā wèi pò, ā chù pò yè) «әрекетсіз, суыққанды және тыныш», будоң, ву доң (bùdōng, wù dòng) «Будда құрбандығына байланысты ашудан құтылу» дегенді білдіреді. Бес Будданың бірі болған Акшобхияның мемлекеті болған Абхирата «қуаныш орны» болып табылады және ол шығыста орналасқан. Сондықтан бұл Буддаға Абхиратаның лорды немесе билеушісі де делінеді. Акшобхия, Лотус Сутрада датоң жи паң (dātōng zhì pàng) «Махабхижнабхибхудың ең үлкен ұлы» болып көрсетіледі. Акшобхия Будда болмай тұрып Бодхисаттва болған жи джиа «Джнанакара» (zhì jiǎ «Jñānākara») деп те көрсетіледі. Шығыс бағытының Буддасы. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:92-93)

Йок куруг атлг бұрхан (yok kurug iligi atlg burхан)

Йок куруг атлг бұрхан (yok kurug iligi atlg burхан): ‘жоқ болған, бостықтың билеушісі атты бұрхан’, йок куруғ (yok kurug) «жоқтық, бостық»; пустота, ничто, yok kurug iligi atlg burхан «будда, называемый властелином пустоты» (қара: ДТС, 2016:290); Термин, «бос, ештеңе жоқ, ештеңе бар болмаған» мағынасын білдіреді. Сондай – ақ, джие руо сунйата (jié ruó duō sūnyatā) термині де «бос, жоқтық, материалдық емес немесе рухани, шынайы емес,

бар болмыстың табиғатындағы өтірік немесе алдау, болмысты шынайы деп көрмеу» дегенді білдіреді. Бұл ілімге сәйкес, барлық оқиғалар шынайы емес. Болмыстың маңызды мәні жоқ, тәуелді, тек өзгерген немесе өлген болмыс. Шексіздік – салыстырмалылықтың негізі немесе шектеусіздігі. Бір сөзбен айтқанда, ол бәріне ене алады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:420)

Нирван (nirvan)

Нирван (nirvan) < скр. «нирвана» мәңгілік тыныштық, құтқарылу (қараңыз: Айазлы Ө., 2012:329) нирван битиг (nirvan bitig) – сутралардың бірінің аты. Название одной из сутр (= скр. *nirvāṇa sūtra*) в махаяне. (қара: ДТС, 2016:382).

Көмсү ағылық битиг (kömsü agılık bitig)

Көмсү ағылық битиг (kömsü agılık bitig): «сознание-сокровищница, абсолютное сознание (=скр. алая – виджняна (*ālaya – vijñāna*))»; аүйіліқ *kojmsoluk* – аүйіліқ *komsoluk* ‘амбар, хранилище, складское помещение. (қара: ДТС, 2016:19) *agılık koimso bilig* «жертөле туралы ақпарат», *koimso agılık bilig* «жертөле ілімі» =скр. алая / адана – виджняна (*ālaya / ādāna – vijñāna*) =қыт. гуо шуши, а лай йе, а лай йе ши (*guō shùshì, ā lái yé, ā lái yé shì*) =тиб. кун гзхи рнам пар шес па (*kun gzhi nam par shes pa*). Термин, алая (*ālaya*) «үй, тынығу орны, жертөле» мен виджняна (*vijñāna*) «сана, түйсік» сөздерінен құралады. Зхонзи ши (*zhōngzī shì*) «сананың тұқымы немесе басқа жеті сананың негізі» мағынасына сай алая / адана – виджняна (*ālaya / ādāna – vijñāna*) қайта туылу және басқару дегенді білдіреді. Бұл идеал, сайып келгенде, Агаманың нұрлы санасына мүмкіндік бере алады. Бұл термин «сана яғни түйсік көзі немесе жертөле» деген мағынада да қолданылады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:336)

Парамит битиг (paramit bitig)

Парамит битиг (paramit bitig): «даналық ізгілік кітабы»; парамит (paramit, *pāramitā*) ізгілік, иман, даналықтың қасиеті= скр. Парамита (*pāramitā = pali*), парами (*pāramī*) =қыт. Болуоми дуо, бо ку ми дуо, ду (*bōluòmi duō, bō qù mǐ duō, dù*) =тиб. Пха-рол-ту-пхиин-па (*pha-rol-tu phyin-pa*) =соғ. п’р’мит (p’r’myt). Парамита термині, «парама» түбірінен шыққан «ең жоғары, шың, туу өлу жағасы, бұл жағадан басқа жағаға яғни Нирванаға өту» болып табылады. Термин Буддизмде «дана» ‘садака’, «сыла» ‘көркем мінез-құлық’, «кшанти» ‘сабыр’, «вирйа» ‘күш немесе энергия’, «дхйана» ‘терең ой’, «праджна» ‘ақпарат’, «упайа» ‘дұрыс әдісті қолдану’, «пранидхана» ‘бодхи және бақыт

үшін ант’, «бала» ‘күш, мақсат және даналық’ болып тізбектеледі. Осы он парамитаның барлығы маңызды болғанымен, алғашқы алтауы әлдеқайда маңызды. Басқаша айтқанда, парамиталар – бұл Махаяна Бодхисаттвалардың ағартушылыққа жету үшін қолданатын ізгі қасиеттері. Осылайша, парамита «керемет» немесе «қарсы жағаға жету» деп аударылады. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:336)

Йога атлғ битиг (yoga atlg bitig)

Йога атлғ битиг (yoga atlg bitig): «йога атты кітап»; книга, называемая йогой; «йога» название буддийского трактата. (қара: ДТС, 2016:287)

Ағыр улуғ йағыз йер тенри алты төрлүгін тепреді қамшады (agir ulug yagiz yer tengri alti törlügin tepredi kamşadı)

Ағыр улуғ йағыз йер тенри алты төрлүгін тепреді қамшады (*agir ulug yagiz yer tengri alti törlügin tepredi kamşadı*): «өте үлкен қара жер құдайы алты түрлі тербелді, шайқалды»

Ағыр улуғ: ‘үлкен, өте үлкен, ауыр, маңызды» (қара. Өлмез М., 2017:249); йағыз йер: «қара жер, жержүзі, жер» (қара: Элмалы М., 2016:460); тепреді қамшады = тепре – қамша: «шайқалу» (қара. Өлмез М., 2017:290); йер тенри: «жер тәңірі» Пртхиви (*Pṛthivī Tanrı*) = скр. Пртхивидеви (*Pṛthivīdevī*) = қыт. Джанлао де шен, йе тиан, йа да луо ти ти (йа да и) пи, джанлао де де шен (йа да джанлао де тиен, йа да джанлао де зхи) (*jiānláo de shén, yě tiān, ya da luó ti ti (ya da ī) pí, jiānláo de shén (ya da jiānláo de tién, ya da jiānláo de zhī)*). Бұл термин, жер тәңірі, Пртхиви (*Pṛthivī*), Ваджрадхату (*Vajradhātu*) тобынан төрт тәңірдің біреуі ретінде белгілі. Сондай – ақ, он екі тәңірдің бірі. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:388)

Алты парамит (alti paramit)

Алты парамит (alti paramit): «алты парамита» алты төрлүг бүгүленмек эрдем «алты түрлі даналық қасиет», төртлі ики парамитлар «төрт және екі парамиталар» = скр. Сад-парамита (*sad-pāramitā*) = қыт. Лиу болуоми (*liù bōluòmi*), = тиб. пхар пхи ин друг «*phar phy in drug*). Махайана ілімі бойынша, Бодхисаттвалардың Будда болулары үшін жазуы керек алты парамитаны (даналық қасиетті) білдіреді. Алты парамита 1. Дана (*dāna*): қайырымдылық; 2. Сила (*śīla*): моральдық мінез; 3. Кшанти (*kṣānti*): сабыр; 4. Вирйа (*vīrya*): жігер немесе энергия; 5. Дхйана (*dhyāna*): терең ой; 6. Праджна (*prajñā*): даналық, түрінде тізімделеді. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:235)

Тойынлар (toyinlar)

Тойын (toyın): қыт. дао рен (dào rěn) “монах, діни қызметкер”

Шмнанчлар (şmnançlar)

Шымнанч (şmnanç): «діни қызметкер немесе монах әйел» [соғд. шмн'нч (şmn'nch)] монахиня⁷ (қара: ДТС, 2016:554)

Упаси (upasi)

Упаси (upasi): соғд. 'wp'sy “монастырға кірмейтін дінге сенетін (ер адам)” – скр. упасака (upāsaka)

Упасанч (upasanç)

Упасанч (upasanç): соғд. 'wp's'nç «монастырға кірмейтін дінге сенетін (әйел адам)», соғдыша -'нч жұрнағы әйел дегенді білдіреді. (скр. упасика (upāsikā)). Бұрхан дінінің жамағаты (бурсан «bursang», тирин «tirin», куврағ «kuvrağ» = скр. санґха «sangha») төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы екеуі монах және монахиня. Бұлар монастырда тұрады, олар күннің белгілі бір уақытында қалаған нәрселерімен күн көреді. Қалған екеуі болса монастырға кірмейтін және еркін өмір сүретін дінге сенуші ерлер мен әйелдер. (қара: Текин Ш., 2019:28)

Теңрилер йеклер улуғ күчлүг луулар кнтирлар асурилар талым кракуш ханлары гантарвилар махуруглар кишилер киши ермезли (tngrier yekler ulug küclüg luular kntirlar asurilar talim krakuş xanları gantarvilar maxuruglar kişiler kişi ermezli)

1) Тңрилер (tngrier): теңри = скр. дева (deva) «тәңір, құдай».

2) Йек (yek) = скр. йаккха (yakkha) «жын»; түбінің түрікше екендігі туралы қар. TTVI, 131. yī – ‘йе-мек’ (же мек) = *йі-гек «йамйам» = *йек-йек) = скр. нага (nāga) «айдаһар, жылан».

3) Улуғ күчлүг луулар (ulug küclüg luular) = өте күшті айдаһарлар. Лу (Lu) = қыт. Луң (lung) «айдаһар» = скр. йакша (yakṣa) «жын».

4) Кнтирлар (kntirlar): гинтирви (gintirvi) (А нұсқасы: гнтрв (gntrv)) = скр. гандхарва (gandharva) «Индраның хош иістер шашатын музыканттары». Сондай – ақ, гандхарва (gandharva) – қайтадан тудыру үшін өлген бір жаратылысты қайта тууға апаратын бір болмыс (фәнилік түсінік немесе табиғат рухы) болып та айтылады. (қара. Гласенапп Х., 1943:226)

5) Асурилар (asurilar) = скр. асура, жаратылыстардың ішінде болатын бес немесе алты болмыс түрлерінің сыңарларында болатын тәңірдің жауы құдіретті алыптар, дәулер. Шын мәнінде Үндістанда құдайшыл болмыс болған асуралар кейіннен құдайларға қарсы шығып, олармен соғысқан жаман болмыс ретінде танылған. (қара. Хакманн Х., 1924:2)

6) Талым кракуш (talim krakuş) = талым қара куш «қара, жыртқыш құс» = скр. гаруда (garuḍa) «аңызға айналған құс» (Капп. 1056). Алтын қанатты бұл құс түкті жаратылыстардың падишахы және жыландардың жауы. Сондай-ақ Вишнудың көлігі ретінде де көрсетіледі. Талым «жыртқыш» = талы –«тонау, шабуылдау». Талым қара Көне Түркі тіліндегі Бал Кітабында да кездеседі. (қара. Оркун Х., 1936-1941)

7) Гантарвилар (gantarvilar): гантар (скр. дандхара «жылан билеушілерінен бірінің аты»

8) Махуруглар (maxuruglar): махурук (mahuruk) = скр. маһорага «үлкен жылан». Сондай – ақ, 12 рухтың бірі.

9) Кишилер киши ермезли «әрі адам әрі адам емес» = скр. мануши – аманушйа (manuṣya-amanuṣya).

Жоғарыда аталған жаратылыстар, кішігірім өзгерістермен бұрқан діни мәтіндерінде жиі қолданылады. (қара: Текин Ш., 2019:28)

Номлуғ тилген (nomlug tilgen)

Ном тилген (nom tilgen) «Дхарма дөңгелегі» = скр. дхармажакра (dharmaçakra) = Пали (Pali). Дхарммажакка (dhammacakka) = қыт. фалун (fālùn) = тиб. чос кй и кхор ло (chos ky i 'khor lo). Дхармажакра (Dharmaçakra) – заң дөңгелегі, бүтін жамандықтарды және қарсылықтарды жоюшы Будда шындығы, Индраның дөңгелегі сияқты, адамнан адамға, орыннан орынға және кезеңнен кезеңге домаланған дөңгелек. Бұл термин қытайша. жиң фалун (jīng fālùn) «айналу, заң дөңгелегін алдыға айналдыру» мағынасында қолданады. Ном тилген термині Будданың ілімін білдіреді. Үнді мифологиясында идеал билеуші немесе билеуші патша ие болған дөңгелекке санскрит тілінде «жакра» (çakra) делінеді. Жакра, құдайдың дүшпандарын шынжырмен байлауы және әділеттен таймау үшін қолданылған, кедергісіз алдыға жүретін қару. Осылай Будданың ілімдері «жакра» болып көрсетіледі. Өйткені ол адамдардың дүниелік алдаулары мен қалауларын өзіне бағындырып, олардың көзін ашуына мүмкіндік береді. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:215)

Қорытынды

Мақаламызды жазу барысында қойылған мақсат орындалды деп білеміз. Соғды жазулы көне түркі тілінде жазылған діни аударма мәтіндердегі будда дініне қатысты терминдерді қазақ тілінде түсіндіріп жеткіздік деп есептейміз. Қазақ әдебиеті тарихының қала берді бүкіл түркі әдебиеті тарихының алтын қазынасы көне

үйғыр жазуымен жазылған аударма әдебиетіміз өз алдына бір төбе рухани байлығымыз. Әрине, оларды оқып түсіну үшін тек қана олар қолданған соғды, брахми, мани, тибет, үйғыр т.б. жазуларды үйрену жеткіліксіз. Олар ұстанған діндерде қолданылған терминдерді де білуіміз, түсінуіміз керек. Олай болмаған күнде ата-бабадан жеткен мол мұраны ана тілімізге

аударып, түсініп, оқып-үйренуіміз мүмкін емес. Осы мақсатта жұмыс жасауға тырысып соғды жазулы көне түркі тіліндегі мәтіндерде өте жиі кездесетін діни терминдерге тоқталып, мүмкіндігінше анықтауға тырыстық. Қорыта келе айтарымыз, жұмыстың қазақ әдебиеті тарихын, жалпы түркі әдебиеті тарихын оқып – үйренгісі келетін жандарға пайдасы мол.

Әдебиеттер

- Ayazlı Ö., (2012) Altun Yaruk Sudur VI. Kitap. TDK Yayınları, İstanbul.
- Әдеби жәдігерлер. (2007) Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. 20 – томдық. 1-том. Құрастырғандар: Ш. Ахметұлы, А. Әлібекұлы, Н. Базылхан, С. Қорабай т.б. – Алматы: «Таймас» баспа үйі.
- Gabain, Annemaria von. (1988) “Eski Türkçenin Grameri”, Ankara, Türk Tarih Kurumu, Türk Dil Kurumu.
- Glaserapp H., (1943) Die Religionen Indiens, Stuttgart
- Древнетюркский словарь. (2016) Д.М. Насилов, И.В. Кормушин, А.В. Дыбо, У.К. Исабекова и др. 2-е изд., пересмотр. – Астана: «Ғылым» баспасы.
- Erdal, Marcel, (2004) A Grammar of Old Turkic. Leiden.
- Eraslan K., (2012) Eski Uygur Türkçesi Grameri. (Көне үйғыр түрікшесі грамматикасы), TDK Yayınları, Ankara.
- Elmalı M., (2016) Daşakarmapathavadanamala. TDK Yayınları, Ankara.
- Elmalı M., (2019) Eski Uygurca Altı Dişli Fil Hikayesi. TDK Yayınları, Ankara.
- Clauson, G., (1972) An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford.
- Orkun H., (1936-1941) Eski Türk Yazıları I-IV. İstanbul.
- Ölmez, Mehmet, (2021) Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri, Kesit yay., İstanbul, 3. baskı.
- Ölmez, Mehmet, (2017) Eski Uygurca İkillemeler Üzerine. Belleten dergisi, 65-2.
- Tekin, Ş., (1962) Mani Dininin Uygurlar Tarafından Devlet Dini Olarak Kabul Edilişinin 1200 Yıldönümü Dolayısı ile Birkaç Not. TDAY – B.
- Tekin Ş., (2019) Uygurca Metinler I Kuanşi İm Puser (Үйғыр тіліндегі мәтіндер 1, Куанши им Пусар) (Дыбысты еститін Тәңірі) Ankara, TDK Yayınları.
- Tokürek H., (2019) «Eski Uygur Türkçesinde Budizm Ve Manihaizm Terimleri» (Көне үйғыр түрікшесінде Буддизм және Манихейзм терминдері), TDK Yayınları, Ankara.
- Şirin H., (2015) Kül Tigin Yazıtı notlar, Bilge Kültür Sanat Yayınevi.
- Hackmann H., (1924) Laienbuddhismus in China, Stuttgart.
- Henning, W.B. (1947-48) “The Date of Sogdian Ancient Letters”, BSOAS, vol. XII, London.
- Wilkens, Jens, (2021) Handwörterbuch des Altuigurischen / Eski Uygurcanın El Sözlüğü, Universitätsverlag Göttingen: Göttingen.

References

- Ayazlı Ö., (2012) Altun Yaruk Sudur VI. Book. TDK Publications, Istanbul.
- Adebi Jadigerler. [Literary relics] (2007) Kone Daurdegi Adebı Eskertkishter. [Literary Monuments of Antiquity] 20 volumes. Volume 1. Compiled by: Sh. Akhmetuly, A. Alibekuly, N. Bazykhan, S. Korabai et al. -Almaty: "Taimas" publishing house. In Kazakh.
- Gabain, Annemaria von. (1988) Eski Türkçenin Grameri. [Grammar of Old Turkish] Ankara, Türk Tarih Kurumu, Türk Dil Kurumu. In Turkish.
- Glaserapp H., (1943) Die Religionen Indiens, Stuttgart. In Deutsch.
- Drevnetiurkskiy slovar. [Old Turkic dictionary] (2016) D.M. Nasilov, I.V. Kormushin, A.V. Dybo, U.K. Isabekova and others. 2nd edition, revision. – Astana: "Gylim" publishing house. In Russian.
- Erdal, Marcel, (2004) A Grammar of Old Turkic. Leiden. In English.
- Eraslan K., (2012) Eski Uygur Türkçesi Grameri. (Grammar of Old Uyghur Turkish), TDK Yayınları, Ankara. In Turkish.
- Elmalı M., (2016) Dashakarmapathavadanamala. TDK Publications, Ankara. In Turkish.
- Elmalı M., (2019) The Old Uyghur Six-Toothed Elephant Story. TDK Publications, Ankara. In Turkish.
- Clauson, G., (1972) An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford. In English.
- Orkun H., (1936-1941) Ancient Turkish Writings I-IV. İstanbul. In Turkish.
- Ölmez, Mehmet, (2021) Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri. [Kokturk and Old Uyghur Lessons] Kesit yay., İstanbul, 3rd edition. In Turkish.
- Ölmez, Mehmet, Röhrborn, Klaus, (2001) Die alttürkische Xuanzan Biographie III, Wiesbaden, Harrassowitz Verlag. In Deutsch.

Tekin, Ş., (1962) A Few Notes on the 1200th Anniversary of the Adoption of Manichaeism as a State Religion by the Uighurs. [Several Notes on the 1200th Anniversary of the Adoption of the Mani Religion by the Uygurs as a State Religion] TDAY – B. In Turkish.

Tekin Ş., (2019) Uighur Texts I Kuanşi İm Ankara, TDK Publications. In Turkish.

Tokyürek H., (2019) «The Terms of Buddhism and Manichaeism in Old Uyghur Turkish» TDK Publications, Ankara. In Turkish.

Şirin H., (2015) Kül Tigin Inscription notes, Bilge Culture and Art Publishing House. In Turkish.

Hackmann H., (1924) Laienbuddhismus in China, Stuttgart. In English.

Henning, W.B. (1947-48) "The Date of Sogdian Ancient Letters", BSOAS, vol. XII, London. In English.

Wilkens, Jens, (2021) Handwörterbuch des Altuigurischen / Eski Uyğurcanın El Sözlüğü, Universitätsverlag Göttingen: Göttingen. In Deutsch.